

Әкімшілік құқық негіздері



Әкімшілік құқық – ол мемлекеттік басқарудағы қоғамдық қатынастарды реттейтін және әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін жауаптылықты белгілейтін Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығының саласы.



Әкімшілік-құқықтық әдістер



Тапсырма беру



Рұқсат ету



Тыйым салу

Тапсырма беру



Субъектінің әкімшілік құқықпен белгіленген қандай да бір нақтылы әрекетті жасау міндеті



Рұқсат ету



Құқық шеңберінде субъектіге қандай бір әрекет жасауға немесе өз қалауы бойынша оны жасаудан қалыс қалуға рұқсат беру



Тыйым салу



**Заңмен тыйым салынған
әрекеттерді жасауға тыйым салу**



Әкімшілік-құқықтық нормалар

Мемлекеттік басқару саласындағы
қоғамдық қатынастарды реттейтін
мінез-құлықтың мемлекет белгілеген
жалпыға міндетті ережелері





Әкімшілік- құқықтық норма түрлері

Материалдық норма

Азаматтардың, атқарушы өкімет органдарының және басқалардың әкімшілік құқықтық жағдайын бекітеді (құқық субъектілерінің құқықтары мен міндеттері, мемлекет органдарының мәртебесі)



Іс жүргізушілік нормасы

Әкімшілік құқық субъектілерінің құқықтық міндеттемелерді іске асыру тәртібін, сондай ақ үкіметтің атқарушы органдарының нормативтік актілерді шығару рәсімін белгілейді



Әкімшілік- құқықтық норма түрлері

Міндеттеуші норма

Субъектіге белгілі бір әрекет жасау міндетін қояды



Тыйым салушы норма

Құқық субъектісіне белгілі бір әрекеттерді тыйым салудан тұрады



Әкімшілік- құқықтық норма түрлері

Реттелетін норма

Субъектіге белгілі бір құқықтар береді немесе міндеттер жүктейді



Қорғалатын норма

Құқық бұзулардың құқықтық салдарынан, яғни әкімшілік теріс қылықтардың құрамын және соларды жасағаны үшін жаза беру шараларын белгілейді



Әкімшілік-құқықтық қатынастар

Мемлекеттік басқару саласында қоғамдық қатынастарды әкімшілік құқық нормаларымен реттеу

